**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын меңгерушісі Азаматтық қорғаныс бастығының «Жалпы мектептік сейсможаттығуға дайындық және өткізу туралы»**

**БҰЙРЫҚ №22**

**Қайрат ауылы** **2024жыл«23» ақпан**

2024 оқу жылында, «Шапагат» бөбекжай балабақшасы» МКҚК-да

2024 жылдың «23» ақпанында «Жер сілкінісі орын алғанда қызметкерлер құрамы мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеттері туралы» тақырыбы бойынша сейсможаттығу өткізілсін.

Жалпы балабақшада сейсможаттығуға өзім басшылық етемін.

Сейсможаттығуға сапалы даярлап және ұйымшылдықпен өткізу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жалпы балабақшада сейсможаттығуға балабақшаның бүкіл ұжымы мен тәрбиеленушілер қатысатын болсын.

2. Сейсможаттығуды ұйымдастыруға сейсможаттығуды басқару штабы мына құрамда құрылсын:

- сейсможаттығуды басқару штабының бастығы – балабақша әдіскері Г.Аманова

-сейсможаттығуды басқару штаб бастығының орынбасары– шаруашылық меңгерушісінің у.м.а М.Мұсаханова

- қазақ тілі маманы А.Зауирбекова

- музыка жетекшісі Ғ.Ахметова

3. Дәнекерлер болып тағайындалсын:

- «Балапан» топ тірбиешілері мен тәрбие көмекшісі

- «Балбөбек» топ тірбиешілері мен тәрбие көмекшісі

- «Балдәурен» топ тірбиешілері мен тәрбие көмекшісі

- «Күншуақ» топ тірбиешілері мен тәрбие көмекшісі

4. «Шапағат» бөбекжай-балабақшасында сейсможаттығуды басқару штабының бастығы 2024 жылдың «23» ақпанына дейін маған жалпы сейсможаттығуға дайындық және өткізу жоспарын бекітуге ұсынсын.

5. Топ тәрбиешілері 2024 жылы «23»ақпанынан бастап «8» наурызға дейін жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекеті бойынша тәрбиеленушілермен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін , қызметкерлермен түсіндіру жұмыстарын және жаттығуларды өткізіп, даярласын және қауіпсіздік шараларының сақталуына аса назар аударатын болсын.

6. АҚ құрамдарының командирлері құрамдарының жеке құрамын балабақша ғимаратынан адамдарды көшіру, зардап шеккендерге алғашқы

Scanned with AnyScanner

медициналық көмек көрсету, өрт сөндіру т.б тиісті іс-әрекеттерді сауатты жүргізу жұмыстарына даярлайтын болсын.

7.Балабақша медбикелері А.Жаксылыкова мен А.Мырзамуратова балабақшада жаттығуда медициналық қамсыздандыруды ұйымдастырып, алғашқы медицина көмегін көрсетуге дайын болсын.

8.Жалпы балабақшада сейсможаттығуды өткізуге даярлық 2024 жылдың «23» ақпанында аяқталсын.

9.Бұйрық барлық басшы құрамға және топ тәрбиешілеріне жеткізілсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау сейсможаттығуды басқару штабының бастығы Г.Амановаға жүктелсін.

**Азаматтық қорғаныс бастығы –**
**«Шапағат бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі:**

____________ М.Есимова
қолы (аты-жөні)

Scanned with AnyScanner

**БЕКІТЕМІН**
**Азаматтық қорғаныс бастығы**
**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**
**меңгерушісі ____________ Есимова М**
**қолы аты –жөні**
**«23» ақпан 2024 жылы**

**Балабақша басшы құрамымен, тәрбиешілермен және тәрбиеленушілермен «23» ақпан 2024 жылғы жалпы балабақшада сейсмикалық жаттығуға даярлық және өткізу**

## ЖОСПАРЫ

**ТАҚЫРЫБЫ:** «Жер сілкінісі кезінде оқытушы құрамы мен тәрбиеленушілердің іс-қимылдары».

**ОҚЫТУ МАҚСАТЫ:**

- жалпы – балабақшада жер сілкінісі кезіндегі қорғау іс-шараларын орындауға дайындығын тексеру.

- басшы, оқытушы құрамы үшін – жер сілкінісі кезінде қорғау іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу бойынша практикалық тәсілдерді жинау.

- құралымдардың жеке құрамы үшін – құтқару жұмыстарын жүргізуге құлақтандыруда, жинауда, жабдықтауда және әзірлікте болуда практикалық дағдыларды жетілдіру.

- жұмысшылар мен қызметшілер үшін – жер сілкінісі кезінде практикалық іс-қимылдар мен дұрыс жүріп-тұрудың практикалық дағдыларын қалыптастыру.

**ӨТКІЗЕТІН УАҚЫТ**: $11^{00}$.

**ӨТКІЗЕТІН ЖЕР**: топтар мен балабақша ғимаратының аумағы.

**СЕЙСМОЖАТТЫҒУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР**: балабақша меңгерушісі, қызметкерлер, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер.

**ОҚУ СҰРАҒЫ**: Жер сілкінісі кезінде сыныпта болған кездегі қызметкерлер , тәрбиешілер мен тәрбиеленушілермен практикалық дағдылары.

**МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕР**:

1. Жер сілкінісі кезінде балабақшаның төтенше жағдайлардан қорғану жоспары.
2. Жер сілкінісінен кейін лауазымды адамдардың іс-қимылдар жоспарлары.
3. Жер сілкінісінен кейін ғимараттардың ықтимал жағдайлары, болуы мүмкін жоғалтулар және күтілетін нұқсан кестесі.

Scanned with AnyScanner

4. Қызметкерлер мен тәрбиеленушілер шұғыл эвакуациялау жоспар-схемасы.

5. Балабақшанынң қауіпсіз аумағына қатысты жоспар-схемасы.

6. Хабарландырудың техникалық құралдары.

7. Медициналық қамсыздандыру, санитарлық қобдишалар, санитарлық зембілдер дәрі-дәрмек.

## ЖАЛПЫ БАЛАБАҚШАДА СЕЙСМОЖАТТЫҒУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

| **Басшының іс-әрекеті** | **Қызметкерлер (топ тәрбиешілерінің) іс-әрекеті** | **Үйренушінің іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Кеңесте басшы және қызметкерлермен тәрбиешілерге жалпы балабақшада сейсможаттығуды өткізуге даярлық және өткізу туралы бұйрық айтылады. | Топ тәрбиешілеріне балабақша ғимаратынан тәрбиеленушілерді көшіру жоспарын, балабақша аумағында топтарда жаттығу өткізу мерзімін нақтылайды:<br>- «Балапан» тобы<br>- «Балбөбек» тобы<br>-«Балдәурен» тобы<br>-«Күншуақ» тобы | «Баршаның назарына!» дабылы бойынша, өз іс-әрекеттерін нақтылайды. Жер сілкінісі кезіндегі халықтың іс-әрекеті туралы жаднамаларды, кітапшаларды зерделейді. Балабақша ғимаратындағы топтарда салыстырмалы қауіпсіз орындарын, балабақша ғимаратынан шығатын бағытты, балабақша аумағына топтарды орналастыратын жерді нақтылайды. Өзіне және өзара көмекті көрсетуге үйренеді. Мақта-мата таңғыштарын ықтимал пайдалануға әзірлейді. |
| Бір топ тәрбиешісіне «23» ақпан 2024 ж бүкіл балабақаша қызметкерлеріне, тәрбиеленушілеріне жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекетін көрсетету бойынша тапсырма береді. | «Күншуақ»ересек тобының тәрбиешісі өз тобын даярлайды және «23»ақпан 2024 ж бүкіл балабақша тәрбиеленушісіне жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекетін көрсетеді. | Мұхият тыңдап, жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекетті, өзіне және өзгеге көмек көрсетуге үйренеді. |

Scanned with AnyScanner

| | | |
|---|---|---|
| Балабақша басшылығы, дәнекер топтар бойынша балабақша тәрбиеленушілерімен жаттығулардың өткізілуін бақылайды, оны өткізуге практикалық көмек көрсетеді. | Барлық топтардың тәрбиешілері басқа уақыттарды практикалық жаттығу өткізеді. Тәрбиеленушілерің іс-әрекеті саналы, сауатты болу үшін әрбір жаттығуға сайіскерлік рухын және ойын элементтерін енгізеді. | Жер сілкініс кезінде (топ құрамында) іс-әрекеттерді пысықтауға қатысады. |
| АҚ штабының бастығы ТЖ құрамалары командирлері мен жер сілкінісі салдарын жою жұмыстарына құрамалардың әзірлік жағдайын нақтылайды. | Құтқару тобының, санитарлық тіректің, өрт сөндіру буынның, қоғамдық тәртіпті қорғау топтарының командирлері жеке құрамды, функционалдық міндеттерді, жарақтау тәртібін нақтылайды, адамдарды құтқару, өрт сөндіру, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі практикалық сабақтарын өткізеді. | Құрамалардың жеке құрамы өздерінің функционалдық міндеттерін зерделейді, адамдарды құтқару, өрт сөндіру, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-әрекеттерді пысықтайды. |
| **Қызметкерлер мен тәрбиешілер құрамымен тәрбиеленушілердің сейсможаттығу кезіндегі практикалық іс-әрекеті** | | |

Scanned with AnyScanner

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті басталғанға дейін меңгеруші және қызметкерлер, тәрбиеші құрамының кеңесінде сейсможаттығуды өткізу үшін жауапты адамдарды тыңдайды, сейсможаттығудың практикалық бөлігін пысықтауға арналған белгіленген дабылды жеткізу тәртібін, уақытын нақтылайды, дәнекер мен басшы құрамның орнын белгілейді. | Бірінші ұйымдастырылған оқу қызметін өткізетін барлық тәрбиешілер тәрбиеленушілерге жер сілкінісінің басталғаны туралы дабылдың балабақшаға орнатылғандығын осы дабыл бойынша тәрбиеленушілердің іс-әрекеті балабақша ғимаратынан шыққаннан кейін жиналатын орынды естеріне салады. Жалпы балабақшада сейсможаттығуды өткізу кезінде қауіпсіздік шараларының сақталуына назар аударады. | Әр тәрбиеленуші алғашқы дүмпу кезінде алдын ала өзі үшін салыстырмалы қауіпсіз орынды таңдайды (үстелдің, бағананың асты, ішкі қабырғаның бұрышы, есіктің ойығы) мақта-дәкі таңғышын ықтимал пайдалануға әзірлеп оны қалтасына салады. |
| Топтарда тәрбиешілер «Жер сілкінісінің «Қаупсіз орындарға тұрыңдар деп жариялайды. Тәрбиешінің өзі балалардың балабақша қатынау журналын ұстап, есік ойығындағы орынға барып тұрады. | Алдындағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің аяқталуына 2-3 минут қалғанда жер сілкінісінің басталғандығы туралы дабыл соғылады. | Барлық топтардың тәрбиеленушілері терезеге арқасын беріп және бастарын қолдарымен жауып, ішкі қабырға бұрышындағы аралықтағы есік ойығындағы, қауіпсіз орынға тұрып, мұғалімнің әмірі бойынша сыныптан шығуға әзір тұрады. |
| Бірінші дүмпу аяқталғаннан кейін балабақшадағы топтардың тәрбиешілері көшеміз, шығамыз деп әмір береді. Топ балаларын сабақтан кейін балалардың балабақшаға қатынау журналы бойынша түгелдейді. Нәтижесін балабақша меңгерушісіне (әдіскерге) баяндайды. | | Балалар мұғалімнің әмірімен дабырсыз ғимараттан шығып, балабақша аумағындағы топ үшін белгіленген орынға барады. Қажет жағдайда зардап шеккендерге көмек көрсетеді. |

Scanned with AnyScanner

| | | |
|---|---|---|
| | АҚ құрамаларының командирлері, адамдар балабақша ғимаратынан шыққаннан кейін құраманың жеке құрамның жиналуын балабақша АҚ штабының бастығы арқылы жариялайды, оларға құрал-жабдық береді және балабақша ғимаратында қалған адамдарды құтқаруды, өрт сөндіруді, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді, қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады. | АҚ құрамасының жеке құрамы балабақша ғимаратында қалған адамдарды құтқаруға, өрт сөндіруге, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысады. Өрт сөндіру буындарының бірі алғашқы дүмпу аяқталғаннан кейін орталық электр тетігін ажыратады. |
| **Сейсможаттығудың қорытындыларын шығару** | | |
| Балабаша меңгерушісі тұрақты құрамның кеңесінде орынбасарларды, дәнекерлерді тыңдайды, жалпы балабақшада сейсможаттығудың қорытындысын шығарады, талдауды, анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар береді, жеке талқылау өткізу үшін уақыт белгілейді. | | |

Scanned with AnyScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Жалпы балабақшада сейсможаттығу қорытындыларын шығару жөніндегі кеңесте қызметкерлер мен тәрбиешілер өз іс-әрекеттерінің бағалануын, анықталаған кемшіліктер ді саралайды, олардың жою жолдарын анықтайды, топтарда жеке саралайды. | |
| АҚ бастығы-балабақша меңгерушісі ТЖ жөніндегі бөліммен, аудандық (қалалық) білім бөліміне өткізілген жалпы балабақша жаттығу туралы есепті тасырады. | Сейсможаттығуды өткізген тәрбиешілер балабақша меңгеруші тағайындалған уақытта өздері ұйыдастырылған оқу іс әрекетін өткізген топтар балалармен жеке талқылаулар өткізеді. | Балалар сейсможаттығулар өткен кезде жіберген қателіктерді саралайды және келесі жаттығудың барысында оларды жояды |

**АҚ штабының бастығы –**
**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасының**
**әдіскері :** _________ **Г.Аманова**
*қолы* *аты-жөні*

Scanned with AnyScanner

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында**

## ӨТКІЗІЛГЕН СЕЙСМОЖАТТЫҒУ НӘТИЖЕСІ

**Өткізілген күні:** «Жер сілкінісі орын алғанда қызметкерлер мен тәрбиешілер құрамы мен балалардың іс-әрекеттері туралы» тақырыбы бойынша 2024 жылғы 23 ақпанда сейсможаттығу өткізілді.
**Сейсможаттығуға қатысқандардың саны:** Қызметкерлер мен тәрбиешілер -21, балалар – 88 адам.
**Сейсможаттығуды өткізу уақыты:** 23.02.2024ж. сағат 11-00 ден 16.00-ге дейін
**Дабыл беру:** дауыспен хабарлау жүйесі.
Өткізілген шаралар:
1. Оқу-жаттығу барысында жиналу. Қызметкерлер мен тәрбиешілер сейсможаттығу жағдайларымен таныстыру. Әдіскер өз қызыметкерлерінің жұмыс орнында игерген білімдеріне тексеріу жүргізуге тапсырма берілді.
2.Жер сілкінісі туындаған жағдайда филиал қызметкерлерінің іс-әрекеттерін меңгерту:
Бірінші кезең: «Сіз топта немесе кабинетте болғанда жер сілкінісі болды».
Екінші кезең: «Бірінші дүмпулерден кейін ғимараттың ішінен эвакуациялау».
3. Жалпы тапсырмалар орындалды және орындалған шаралар туралы оқу-жаттығу басшысына сағат 17-00 баяндалды.
Штабтық жаттығу жүргізу кезінде анықталған ескертулер мен кемшіліктер: Сейсможаттығуға қатысушылар алдына қойылған міндеттерді «ДАЙЫН» деген жалпы бағамен орындады.

**Азаматтық қорғаныс бастығы**
**«Шапағат» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**
**меңгерушісі** ________ **Есимова М**
қолы *(аты-жөні)*

Scanned with AnyScanner